

Қаратал ауданы бойынша бірыңғай тіркелген салықтың мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 46-175 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылды 19 желтоқсанда № 4955 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 наурыздағы № 68-242 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 31.03.2020 № 68-242 шешімімен (2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 546-бабының 3-тармағына сәйкес, Қаратал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қаратал ауданы аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері осы шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қаратал аудандық мәслихатының "Жоспарлау, бюджет, шаруашылық қызмет, құрылыш, жерді пайдалану, табиғат қорғау және табиғи қорды ұтымды пайдалану мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннің бастап қолданысқа енгізіледі.

Қаратал аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Г. Куйқалакова

Қаратал аудандық мәслихатының хатшысы

Б. Смаилов

Қаратал аудандық мәслихатының 2018
жылғы 11 желтоқсандағы № 46-175
шешіміне қосымша

Қаратал ауданы аумағында қызметін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері

P/ №	Салық атауы	салу	объектісінің	Тіркелген салықтың бірыңғай мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіштерімен)
1	2			3

1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	2
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	2
4	Ойын жолы	5
5	Карт	5
6	Бильярд үстелі	4
7	Астана және Алматы қалаларын және арнайы аймақты коспанғанда, уәкелетті ұйымның елді мекенде орналасқан айырбастау пункті	10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК